

Шымкент қаласы
№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Тақырыбы:

Қош-келдің жаңа жыл!

Тәрбиеші: Койбагарова У
Зиябекова Д

2021-2022 жыл



Максаты. Мерекелік көңіл-күй сыйлау, достық қарым - қатынаста болуға тәрбиелеу. Шыршаның безендірілуі. Аяз – ата Ақшақар бейнесін сезіндіру.

Көрнекілігі: Киімдер , сыйлықтар, шырша , ойыншықтар , маска, грилянд суреттер және шарлар.

Жүргізуші: Аяз – ата бейнесінде киінген ұл бала музыкамен залға кіреді, сәлемдесіп мерекемен құттықтап достарын ортаға шақырады. Жануарлар киімін киінген ұлдар ортаға келеді. Аяз-ата рөліндегі ұл бала достарым биылғы жаңа жылды ерекше өткізейік деп ұсыныс жасайды. Достары келісіп беттеріне барыс кейіпіндегі маскамен жасырын бет келбетпен жарысуды дұрыс деп шешеді.

Аяз-ата кейіпіндегі ұл бала қыздармен жарысайық деп қыздарды ортаға шақырады. Музыка қосылып ортаға Ақшақар кіреді. Ақшақар сәлемдесіп мерекемен құттықтайды. Ақшақармын аппақпын.

Қалай жаумай жатпақпын.

Менсіз қыстың сәні жоқ

Ақ укімді тақпақпын

өлендетеді.

.Ақшақар балалар мен Аяз-атамды іздеп жүрмін көрмедіндер ме деп сұрайды. Аяз – ата кейіпіндегі ұл бала мен Аяз-атамын дей

ді. Ақшақар Аяз-ата болсаңыз сыйлықтарыңыз дорбаңыз қайда дейді. Аяз-ата кейіпіндегі бала мен нағыз Аяз-атамын өз өлеңін оқиды

Аяз ата:

Құтты болсын балалар

Келген жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп ұл-қыздарым

Өткен жылы келіп ем.

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларыңда

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Менің барыс тобыммен жарысып жеңсеңдер нағыз Аяз-ата екенімді білесіңдер сыйлығымды да аласыңдар. Ақшақар жарайды келістік бір шартым бар дейді. Жеңілген топ бетпердесін шешсін дейді Бәсекелесейік ән айтып би – билеп мерекені көңілді өткізейік дейді. Ақшақарлар тобы біз бастайық дейді.

Қыздар: Ча-ча-ча биін билейді.

Аяз ата тобы бізде қалыспаймыз деп:

Ұлдар: Мадагаскар биін билейді.

Ақшақар тобы биылғы жыл қандай жыл деп сұрайды.

Аяз ата Барыс жылы дейді. Ақшақар онда жыл иелерін ортаға шақырайық дейді. Ортаға жаңа жыл барыс жылымен Сиыр жылы кіріп келеді. Сиыр жылы сәлемдесіп мерекемен құттықтап. Менің жылым жақсы болды деп қалғысы келеді. Барыс жылы балалармен қоштасаншы дейді. Сиыр жылы қоштасып шығып кетеді. Барыс жылы мерекемен құттықтап Өлеңін оқиды.

Мен барыс жылымын.

Мен табыс жылымын.

Мен жаңа жылмын.

Мен жаңа нұрмын.

Нұрымды да себейін

Жырымды да төгейін.

Қандай өнерлерің бар деп саханада қалады

Аяз ата тобы ән айтып жарысайық дейді.

Ортаға ұлдар шығып егіз ұлдар ән: Шырша шырша шыршамыз әнін орындайды. Ақшақарлар тобы тамаша жаттау айтып жарысайық дейді. Ұлдар қыздар жаттауларын айтады.

Клоун кіреді сәлемдесіп мерекелерімен құттықтап өз өнерін көрсетеді. Танымас ойынын ойнатады. Ойын шартын тусіндіреді. Екі топ танымайтын бетперде киген досын табуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.

Ақшақар Аяз ата енді жеңілдіңіз ортаға шын Аяз ата келсін дейді. Балалар Аяз ата деп дауыстап шақырады. Музыка қосылып Аяз ата кіріп келеді құттықтап дорбасымен сыйлығымен көрсетіп міне менің ізбасарым жарайсың деп Аяз ата кейіпіндегі балаға рахмет айтады. Ерекше ұйымдастырыпсың деп. Ақшақар аяз ата сіздің ізбасарыңыз мықты екен дейді. Ендеше бізге шырша шамын жағып беріңіз дейді. Балалар шыршаны айнала қоршап Аяз ата сиқырлы сөзін айтып шырша шамын жағады. Балалар музыкамен шыршаны айналады. Ұлдарға Ақшақар ерекше өнерлеріңді көрсетіңдер деп өтініш жасайды. Ұлдар мереке арнап әкелген Теңіз қарақшысы биін билейді. Аяз ата деп өтініш жасап барыстар тобы екі топтың төрешісі жеңімпазында өзіңіз айтыңыз дейді. Аяз ата келіседі. Аяз ата онда достасып бірге ән шырқандар. Ұл-қыздар Жаңа жыл хорын шырқайды. Аяз ата жарайсыңдар. Аяз ата жеңімпаз топты атайды. Жеңілген топ бетпердені шешеді. Аяз ата сыйлықтарын таратып береді. Мереке соңына жетеді.

КОШКЕАДИН ЖАНА ЖЫЛ



2022



КОШКЕНАЙН ЖАНА ЖЫЛ



